



A

Q

I

Q

A

T

ТАЛЫС (Аңғарту орнына)

Ең қасиетті де киелі күрес – рухани бостандық пен рухани тәуелсіздік жолындағы жан қасымы, ең жауыз және ең қастаншықпағыр саясат – бір ұлтты екінші ұлттың рухани тәуелді етуіне бағытталған саясат. Саяси, экономикалық, шекаралық тәуелділікке ұшыраған ұлт – құрып кетудің қаупі төнген ұлт. Ал, осыған қоса рухани тәуелділікке ұшыраған ұлт – құрып кетуге бет алған ұлт. Саяси, экономикалық, шекаралық тәуелсіздігі бар, бірақ та рухани тәуелді ұлт – құрыған ұлт. Өйткені, оның санасы тәуелсіз ұлттың санасы емес, Абай айтқан, түйсігінен ұйыған «көп айтса көндіге» көндіккен «баспақтың» көндімі. Туған халқын көкसेген азаттығына жеткізген ұлы күрескерлер де басыбайлылық пен бостандықтың психологиясынан құтыла алмаған. Бұған Мұхтар Әуезовтің Дж. Нерудің «Индияны тану» атты кітабындағы: «Индияның бүкіл болмысы менің қанымда қайнап тұр, оның бойындағы құбылыстардың барлығы менің жандүниемді қатты тебірентеді. Сонда да, мен өз еліме, оның бүгініне, өзім байқаған өткеннің сарқыншақтарына жаттың көзімен, және сондай жеккөрінішпен қарадым. Мен өз елімді батыстың көзқарасы арқылы таныдым және кәдімгі достық пейілдегі еуропалық оған қалай қараса – мен де солай қарадым... Өйткені менің елімнің тарихы ағылшындардың көзқарасымен жасалған тарих еді»,– деген тұсына көк бояулы қарындашпен: «Менің халқымның да тарихы солай жазылды»,– деп белгі қойғаны дәлел. Иә, ұлылардың ойын ұлылар ғана терең түсінеді. Демек, біз қанша дербес ойлаймыз, тәуелсіз жазушымыз, тарихшымыз дегеннің өзінде, жанымыз бен тәніміздегі басыбайлылыққа байлаулымыз. Ұлы адамдардың ұлы жүрегін кеулеп кеткен тәуелділіктің күйдіргісі – ғұмырын тәуелсіздік үшін күреске бағыштаған жандардың жанын шырмап алғанда, пейілін пиғылына жеңдірген қарапайым пенденің көкірегіндегі өксік қаншама десеңізші! Міне, бұл әфсана осындай ұстанымды нысана еткен, жеке тұлғаның басына қатысты оқиғалар мен себеп-салдарға, түрлі психологиялық, идеологиялық арандатулар мен бопсаларға қатысты деректер мен құжаттарға, жымсымалар мен сыпсымаларға, хабарлар мен хаттарға берілген түсініктеме ғана емес, сонымен қатар, сол тұстағы заман талқысына түскен, жұлын-жүйкесі шүйкеленген, түйсігі үреймен тітіркенген тұлғалардың пенделенуі мен пенделердің ірілену барысындағы жанытығы мен жансарына деген автордың көзқарасы да болып табылады. Егерде кейбір ашық кекесінді есеуіріндер ұшырасса, ол біздің сол адамға деген жеке жатсынуымыз емес, жазушының өзі ұстанған көзқарастың сесі мен мысы екенін, соны аңғарту үшін сол ырықта жазылғандығын ескертеміз. Сондықтан да, жалпы қоғамды жанталасқа түсірген жансебіл жанығудың есебі мен себебін қазымырлана қазбалағандай көрінгіміз келмесе де, тұлғаны құмықтырған қысымның қыспағы оқырманның да жадын жаңғыртып,

сол көңіл-күйді сезіне отырып, санасында саралатуды қалаған жазушылық ырқымыз болды. Кей тарауда тікелей басты тұлғаға қатыссыз аты-жөндер сыналана кіріктіріліп, басы артық сілтеме мен үзінді келтірілген сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ, сол «қыстырмалар» арқылы жазушы да әлденені емеуірін етіп отырғанын біз де сіздерге емеуірін ете кетеміз. Отыз жыл екшеп, он жыл жазылған «Жегі» мен «Тездің», соның ішінде «Талқының» ұзына желісін байыппен шыжымдаған аңғарлы зиялы мұның астарын аңғарар, әдібін жазар деген үміттеміз. Тіпті, сонша бір тереңдеп те жасырылған жоқ. Шындықтың да кейде осындай бір дәрменсіз күйге түсетіні бар екен. Сонымен, бұл әфсана: рухани тәуелділіктің танымына талыс боп тартылып, тартысып өскен ұрпақтың тәуелсіз «мәңгілік ел» тұжырымына негізделген Біртұтас Алаш идеясының ұстанымын – тәуелсіз санамен тәрбиеленген келер толқынның назарына ұсынған тәжірибе толғамы¹. Рухани тәуелділік атты талыстың көні әлі жібіген жоқ. Соның пұшпағын жібітетін бір бүркім су болса екен деген тілекпен, барлық жиған-тергенді жеке бір тұлғаның тағдырына негіздей тәпсірледік. Сонымен қатар, әр жерде үзінді, жеке пікір ретінде жырымдалып жарияланған үзіктердің басын қосып, «Ақиқат» арқылы сол тұлғаларды тұмсыратқан бір ғасырлық рухани арандатудың астарын ашып, әдібін жазғымыз келді. Ниет – дұрыс, тілек – қалыс.

ТҮРМЕ ТАЛҚЫСЫ 1. Ұлттың, тұлғаның, таланттың, әр пенденің рухы – қасиетті. Одан асқан асқақ және мәңгілік күш жоқ. Дүниенің тұтқасы да сол рух. Рух өлген тұстан, рухани тәуелділік басталады. Ал, рух телмірген, телінген сәттен бастап адамзат – ақыл-парасатты дербес шешімінен, ұлт – тәуелсіздігінен, тұлға – дара ойлау жүйесінен, талант – танымнан, адам – ар-ождан бостандығынан айырылады. Рухсыз – Алланың қолындағы аманатқа берген жаныңның өзі кеудеңе қонақ таппайды, яғни, рухыңның өзі күштінің шеңгеліне ілінеді. Рух еркіндігінің көрінісі – рухани мәдениет, өнер, әдебиет. Ал, рухани мәдениет еркіндігінен айырылған ұлт пен талант – жаны кеудесінен суырылып алынған, сүлдесін сүйретіп, жанын жалдап күн көрген кебін иесінің кебін киеді. Ерік-жігерсіз сүлде иесі жанын сатып, жалдамалы күн кешіп, күшті мен «күшті өкіметтің» (Шәкәрім) аса қауіпті жазалау құралына айналады. Қадым заманнан бері ешқандай мемлекет пен жаһангердің ашықтан-ашық жүзеге асыруға дәрмені мен пәрмені жетпеген мәңгүрттік жазалау тәсілін кеңес өкіметі қысылып-қымтырылмастан-ақ «іске қосты». Міне, бұл ұлт пен ұлыстың, тұлға мен таланттың, тобыр мен жеке адамның жаппай басыбайлануының басы, мәңгүрттік дәуірдің қарсаңы еді. Сондай алмағайып сәтте: «Әдебиет соңынан жарық алып түстім», – деген Мұхтар Әуезовтің де маңдайының бақыты мен сорының қаншалықты қалың екендігін екшеп жатудың қажеттігі бола қоймас. «Дүние астан-кестен болған заманның адамдары» (Мағжан) болғандықтан да пешенесіне осындай талқы

жазылыпты. Мұны олардың өздері де, сұлде сұрқылтайлары да сезді. Өйткені, азаматтық соғыс аяқталысымен, дәлірек айтқанда, жиырма екінші жылдан кейін, кеңестік кеңкелестер ең шешуші және қасіретті майданды, өздерінше айтқанда «мәдениет майданын», ал, мағынасы бойынша «мәңгүрттік майданын» ашты. Бұл ұзаққа созылатын, бірақ, ешқашан да жеңіске жеткізбейтін руханият майданы еді. Түбінде жазасыз құтылмайтынын білсе де, дүние дүр сілкінген дәуірде, рухани күш иелері де бір серпіліп жан-жүйесін, санасын, өнердегі танымын талқыға салды. Ол ізденістері ақыры шарасыздыққа алып келді. Келешектің жолы кесіліп қалды. Ірі тұлғалар атылды, асылды, өзіне-өзі қол салды. Ол аздай, ұлты үшін барлық түрме мен азапты, қорлықты көріп, шыдап келген қазақ зиялыларына тұқымының үзілу қаупі төнді. «Алаш ісі» деген сылтаумен алдыңғы толқын түрмеге қамалып, үкімі шыққан тұста, екінші толқынның соңғы тұяқ серперінің бірі – Мұхтардың да басына зауал үйірілді. Рухында елдік қасиеті бар белсенді зиялылар ойсоқты күйге түсті. Елдің иесіз қалғандығын, «Қужақтың» есе-теңдік бермей еңсеріп, жұртты қуырып бара жатқанын, рухани әлемнің жүдеп-жадағанын, Қалмақан Әбдіқадіровтан ұлттық тұтқа шықпайтынын анық сезінді. Кеңес өкіметін өз қолымен құрған Сәкен Сейфуллиннің өзі қызыл революцияны – жұтқа ұшыраған көтерем қызыл атқа балап дастан жазды. Алайда, не рухани көсем-идеолог дәрежесіне көтеріле алмай, не өзінің дербес идеясын қалыптастыра алмай, Адам Атадан бастап Абайға дейінгінің түгелінің бетіне түкірген, бесігінен безгендер тобы шықты. Әдебиеттің ет пен терісінің арасында жүрген олар қазақ ұлтының рухани игілігіне қатты қауіп төндірді. «Жаңбыр бір жауса, олар екі жауып», шолақ өрт қойып отырды. «Қужақ» оларды өте ептілікпен пайдалана білді. Тірі куә қалдырмау үшін кейін өршелене өңешін жыртқан бұл «қызыл кеңірдектердің» де үнін өшірді. Мәскеудегі «Әдебиет энциклопедиясында» Ахмет Байтұрсынов пен Мұхтар Әуезов туралы жоғары баға берілген анықтама басылғанда әлгі «қызыл кеңірдектердің» өзектері өртеніп кетті. Ораз Исаев пен Ізмұқан Құрамысов шырға тастап, Ғаббас Тоғжанов пен Әбдірахман Байділдин, Хамза Жүсіпбеков жазып, С.Сапарбеков пен О.Жандосов қол қойған «Ашық хат» 1929 жылы 19 көкек күні «Советская степь» газетінде: «Бір топ жолдастар – «Правда» газетінің және «Әдебиет энциклопедиясының» редакциялық алқасына кейбір жазушы қазақтардың творчествосына баға беруде «Энциклопедияда» жіберілген қате пікірлерге орай қарсылық – хат жолдады. Көпшіліктің ерекше назарын аударған осы хатты толық жариялап отырмыз», – деген түсінікпен жарияланды. «Жазушы – қазақтардың творчествосы туралы» бұл «Ашық хат» Голощекиннің айызын қандырды. Алаш азаматтарын «құрбандыққа шалудағы» ең соңғы шешуші соққының міндетін атқарған бұл хатты біз де толық келтіреміз. «Құрметті жолдастар! Біздің пікірімізше, Әуезов пен Байтұрсыновтың шығармаларына маркстік

көзқарасқа мүлдем жат баға берілген. Бәрінен бұрын Әуезовке тоқталайық. «Әдебиет энциклопедиясында»: «Ол қазіргі замандағы аса көрнекті жазушы, оның көркем шығармалары таңғажайып дәлдігімен және тарихи шындығымен дараланды», – деп жазылған. Біздің ойымызша, бұл сыпайылап айтқанда Әуезовтің өзін де, оның творчествосын да білмеу, түсінбеу болып табылады. Біріншіден, Колчактың тұсында, «Алашорданың» шығыс бөлімінің белсенді қайраткерлерінің бірі ретінде Әуезов Колчакқа қарсы күреспеді, күрескісі де келмеді, керісінше, сол кездегі бүкіл «Алашорда» үкіметі, оның ішінде Әуезов Колчакпен одақтаса отырып большевиктерге, кеңес өкіметіне қарсы күрескені белгілі. Бірақ та, кеңес өкіметі орнаған соң Әуезов сол жаққа шығып, партияға өтті де Қазаткомның хатшысы міндетін атқарды, алайда бұған қарамастан Әуезов саясатта да, әдебиетте де буржуазияшыл ұлтшыл қазақ байларының идеологы болып қала берді. 1922 жылы партияға қарсы алашордашыл идеологиясы үшін Әуезов партиядан шығарылып, жазушылық пен оқытушылық қызметке ауысып кетті. Ол өзінің барлық шығармаларындағы қазақтың тіршілігін өткенді көксеген байдың көзқарасы арқылы баяндайды, қазақтың ескілігін – азаматшылығын жырлайды, қазақтың хандарын, аңызға айналған батырларын, «данышпан» билерін, ардагер ақсақалдарын және феодалдық сал-серілерді мадақтайды, мадақтағанда да үнемі жағымды, бүгінгі күннің өзінде де оларды қадір тұтуға, үлгі етуге болатындай бейнеде суреттейді (Қараңыз: «Қаракөз», «Еңлік-Кебек»). Бұл – бұл ма. Жазушы Әуезов өзінің осынау реакциялық идеологиясын «әдеби сын» саласында да уағыздаумен болды. Байтұрсынов туралы берілген баға да дәл емес. Рас, революцияға дейін Байтұрсынов қазақтың ұлттық зиялыларының жетекшілерінің бірі болды, патшалық саясатқа қарсы күресті, сол кезде ол қазақ тұрмысындағы алдыңғы қатарлы буржуазиялық революционер боп табылды. Алайда, мұның барлығы ешкімге де: «Байтұрсынов – қазақтың аса көрнекті ақыны» – деуге құқық бермейді... Ол ақын болған жоқ. Ол публицист болды және публицист болып қалады. Байтұрсынов буржуазиялық ұлтшыл-қазақ байларының идеологы болып қала береді... Ол контрреволюциялық идеологияны уағыздады. Бүгінгі қазақ қоғамы Байтұрсыновты біздің партиямызға қарсы күрескен және күресіп келе жатқан реакциялық алашордашыл интеллигенцияның бір көсемі деп санайды. «Әдебиет энциклопедиясының» редакция алқасы жіберген қателіктерді түзету мүддесін көздеген біздің бұл пікірімізге «Правданың» бетінен орын беруіңізді өтінеміз. Коммунистік сәлеммен: О.Исаев, Ә.Құрамысов, Ғ.Тоғжанов, С.Сапарбеков, О.Жандосов, Х.Жүсіпбеков, А.Байділдин». Сол кездегі қазақ зиялыларының қаймағы мен идеологтары мақұлдап қол қойған бұл «Ашық хат», шын мәнінде, мемлекеттің атынан жасалған ресми айыптау мәлімдеме еді. Бұрын Мәскеуге жалтақтаған жандар енді олардың да сөзіне қарсы уәж білдіре алатындықтарын байқатып, жонын

көрсетті және мұқым кеңес империясына оларды жау деп жариялады. Іле-шала бір айдың ішінде Ахмет пен Жүсіпбек, Мағжан қамауға алынды. Қазақ ұлтының рухани тұтқалары тұтқындалған соң, саяси сахнаны тылсым тыныштық басты. Сәбит Мұқанов, Әбділда Тәжібаев, Сағыр Камалов, Ілияс Қабылов іспетті әр нәрседен дәмелі ұрпақтардың әдебиет төңірегіндегі шақпа тілді ұрандары баспасөзде жарияланғанымен, олардың пікірінің ұлы идеологияға ықпалы жүрмеді. Олардың сөзіне әлі тұлғалық салмақ біте қоймап еді. Тек өшіп бара жатқан қазанның отын қағыстырғандай ғана әрекет-тін. Ғаббас Тоғжанов қана киіп-жарып, қиғылық салып қойып отырды. Ал, мемлекеттің идеология саласын басқаратын қайраткерлер дымын ішіне тартып алды. Өйткені, Әбдірахман Байділдиннің өзі абақтыға қамалған соң, есеге де өмір керек, олардың барлығы бұқпалап, қалтарыста қалды. Өздерінің де жазалау диірменіне жем боп тартылып кететінін тез аңғарды. Диірменнің тасы етектеріне тиіп кетіп, тиіп кетіп жүрді. «Қарғайын десе – жалғыз, қарғамайын десе – жалмауыз» болды. Қамаудағы қайраткерлер оларды жақтырмаса да жалған айып тағып, біз көргенді – сен де көр демеді. Онда қазақ ұлты мүлдем иесіз қалатынын білді. Ал, әйгілі белсенділер тіске жұмсақ байлардың тамырын шабуға кірісті. Сонда да, түрме жақтағы дыбысқа қуыстана құлақ түрді. «Алашордашылардың» алдыңғы тергеу ісіндегі айыптау қорытындысын кейінгі лекке орайластыру үшін тергеушілер Дінше Әділев сызып берген кестеге сүйене отырып, Әбдірахман Байділдиннің: «Бірде ол (С.Сәдуақасов – Т.Ж.) менің бөлмеме келді. Бұл құрылтайдан кейін шамамен 11-12 күн өткеннен соң болатын. Әңгімесін зілді салмақпен бастады. Ол: отаршылдар мені қудалауын тоқтатқан жоқ, керісінше, мені партиядан шығарып тастауы да мүмкін. Сондықтан да, бір батыл қадам жасағым келеді, бірақ не істерімді өзім де білмеймін», – деді. Әуезов оған: «Ташкентке ауыс, содан әрі қарай басмашыларға қосыласың», – деп ұсыныс жасапты. Әуезовтің бұл ұсынысын қабылдауға қарсы еместігін, бірақ та ол туралы менің пікірімді білгісі келетінін айтты. Мен Смағұлға не айтарымды білмедім. Оның жағдайының сондай қиын екенін және көңілінің қобалжып жүргенін білетінмін. Алайда мен оның дәл осындай ойда жүргенінен және басмашыларға қосылып кетуге келісім бергенінен мүлде хабарсыз едім әрі ондай арандатуға көне қояды деп ойламағанмын. Маған: дәл осындай келеңсіз кеңес берген обком партияның мүшесі және Казаткомның саяси хатшысы Әуезовтің кеңесі түсініксіз, оғаш көрінді. Мен біздің мақсатымызды (ұлт мәселесі жөнінде жүргізіп отырған партияның бағдарламасын) басшылардың мүддесімен сәйкестендіре алмадым. Мен өзімше, осындай кеңес берген Әуезов әлдебір шірік мақсатты көздеді ме деп ойлаймын. Сонымен қатар, осы пиғылы арқылы ол Сәдуақасовтың көзін құртып, біздің арамыздағы көсем өзі болғысы келді ме екен деп топшылаймын. Себебі: ол кезде біздің мақсатымыз ортақ болса да, жершілдік, рулық тұрғыдан

алғанда әрқайсымыздың жекелеген ішкі мүддеміз бар еді: Әуезов – семейлік, ал біз Сәдуақасов екеуміз – ақмолалық едік. Соңғы мәселе – Әуезовтің көкейін тескен шешуші мәселе сияқты боп көрінді маған... Бұл оқиғадан кейін мен Әуезовке күдікпен қарайтын болдым. Ол менің көз алдымда екіжүзді адам боп елестеді: бірінші Әуезов – партия мүшесі, жауапты қызметкер, ақылды кісі, біздің көзқарасымыздың көсемдерінің бірі, ал екінші Әуезов – бірінші адамның қасиетіне ие, бірақ та әлдебір астарлы оймен жүрген сияқты көрінді», – деген көрсетуі негіз қалады. «Правдаға» жолдаған хаттың негізгі авторы және Мұхтардың өзімен түйдей құрдас («Мұхтардың меншікті сұрқылтайы»), 1897 жылы туған, «Петропавл округінің арғын руынан шыққан» (анкетада дәл осылай жазған) Ә.Байділдин екені анық еді. Тергеу барысында Байділдин өзін де, Әуезовті де Колчактың сыбайласы, «сәдуақасовшылар тобының» белсенді мүшесі қатарына қосты. Өзін «Алашорданың» жас қайраткері әрі Колчактың барлаушысы, сонымен қатар кеңес өкіметінің белсенді адал қызметкері ретінде сезінетін «Қаламның» – Ә.Байділдиннің шегінетін жері де қалмаған болатын. Өзін-өзі әшкерелеу арқылы Смағұл мен Мұхтардан іргесін ажыратып алуға тырысқан ол, қырындысын қалдырмай қағазға түсірген. Осының өзі-ақ айып қорытындысын шығаруға толық жарап жатқан болатын. Бұл өте салмақты алғышарт еді. Сондықтан да, тергеушілер ойланып жатпастан Мұхтар Әуезовке: «Алашорданың» атынан Колчактың үкіметімен келісім жүргізді», – деген айып тақты. «Алашорда» үкіметінің Колчакпен уақытша одақ құрып, қазақ ұлтын қантөгістен аман сақтауға ұмтылғаны тарихи шындық. Мұхтарды «Алашорда» үкіметінің саясаты үшін жазғыруы жалпы қисынға келгенімен, тергеуде ол дәлелсіз күдік қана болып қалды. Саясат сахнасына енді ғана шыққан жиырма жастағы семинария оқушысымен келісім жүргізетіндей адмирал Колчактың басына ол кезде мұндай күн туа қойған жоқ болатын. Қалайда Әуезов пен Колчактың байланысын тікелей әшкерелейтін ешқандай сылтау да, дерек те табылмады. Сондықтан да тергеушілер Мұхтарды қаралап тынатын, бұлтартпайтын өзге қылмысты қарастырды. Екінші баптағы: «Ұлтшыл-контрреволюциялық астыртын ұйымға қатысты», – дегенге Д.Әділевінің: «Сөйтіп жағдай шиеленісіп кетті... 1923 жылы күзде Ташкентке қайтып келіп Қазақ комиссиясы мен Оқу-ағарту институтына оқытушы, біраз уақыт директор болып істедім. Ұйымға қайта мүшелікке алындым. Оның жаңа құрамында Мұхтар Әуезов пен Мағжан Жұмабаев болды-ау деймін. Ташкентте мен оқу-ағарту комиссариатының жанындағы ғылыми орталық пен қазақ ағарту институтына оқытушы боп орналастым. Онда Досмұхамедов, Әубәкір Диваев, Жұмабаев, Жандосов, Соколовский, Мұхтар Әуезов жұмыс істейтін. Мұхтар оған дейін Орталық комитеттің президиум мүшесі болған. Мен Қожановтың әйелінің ағасының үйінде тұрдым. Сол кезде Жандосов та Ташкентке келді», – деген жауабы себеп болды. Ал, тергеушілер «қыстап, барлық тәсілді

қолданып, жалған мәлімет жаздырған Есім Байғасқинның: «Әнуар паша мен Заки Уәлидидің саяси сахнаға шығуына байланысты 1922 жылдың мамыр айында алашордашылардың арасында бір қозғалыстың басталғанын, алашордашыл Әуезов Мұхтар мен Тоғжановтардың қазақ ауылдарында ұлы түрікшілдік рухты насихаттағанын айтқамын (Менің бірінші жауабымды қараңыз). Петропавлдық алашордашылардың арасына осы ұлы түрікшіл үгіт-насихатты жүргізген тұста, бір жолы сол кездегі губерниялық атқару комитетінің төрағасы Қазбеков Смағұл, губерниялық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Бейсенов Мұхамеджан және Әуезов, Тоғжанов, Жұмабаев, Қияқов, тағы да басқа мен аты-жөнін ұмытып қалған адамдар өзара ұзақ кеңесті, бірақ ортақ шешімге келген жоқ, сонда да өзара пікір алысуларын жалғастыра берді, ақырында Әнуар мен Закидің іс-әрекетінің нәтижесіне қарай қимылдамақ боп, ешқандай шешім қабылдамауға келісті», – деген көрсетіндісіне байланысты М.Әуезовке: «Орта Азиядағы басмашылардың қозғалысына жетекшілік етті», – деген айып тағылды. Тура сол күндері қазан мерекесіне орай сөйлеген сөзінде Голощекин: «Тергеу кезінде Аймауытов: Екінші съезд кезінде тек қана қазақ уәкілдерінен тұратын кеңес шақырылғанын, оған Әуезов төрағалық жасағанын, ... онда отаршылдармен күрес туралы мәселе қаралып, ұлттық мүддені көздейтін шешім қабылданғанын мойындады», – деген сөзі – баспасөзге жариялана қалды. Тергеушілер мұны Мұхтарға қосымша айып ретінде тақты. Жүсіпбектің түрмеге қамалғанына үш жыл толған және ол ату жазасына кесілуге ұйғарылып, үкімді Мәскеудің бекітуіне жіберген болатын. Мұхтардың егізінің сыңарындай боп өмір сүрген досының тағдыры Бутырканың түрмесіндегі ажал жаңғырығын күтіп тұрды. «Қужақ» түрмедегі жауаптарды ашық жариялау арқылы қазақ зиялыларының арасына сенімсіздік пен алауыздық септі. Күдіксіз нәрседен күдік тудырды. Әйтпесе, Әбдірахман Байділдиннің көрсетуі бойынша хаттамаға түскен – 1921-1922 жылғы аштық пен қазақ халқын аштықтан құтқарудың жолын қарастырған бұл кеңестің ешқандай қылмыстық сыпаты жоқ болатын. Жүсіпбек Аймауытовтың өзі соның ішінде жүріп, белсене атсалысты. Сондықтан, бұл деректің айтылуы, қағазға түсуі заңды. Оның үстіне Жүсіпбек аштарға көмек көрсеткені үшін тергеуге алынып, өзін-өзі ақтап шыққан болатын. Демек, бұл үшін көңіл қобалжытатындай пәле Әуезовке төніп тұрмаған еді. Бұл кеңес өкіметінің ұлттық тұлғаларды толықтай жаныштап, талқыдан өткізіп, Троцкий мен Фрунзе сияқты көсемдерін аластатып, енді «мәдениет майданындағы» тұлғаларды тұқыртуға көшкен қатерлі бағытының күш алған тұсы болатын. Дәл сол кездері «Байтұрсыновтың және басқа да алашордашылардың кеңес өкіметін құлату мақсатында құрылған астыртын ұйымының қастандық әрекеттері туралы қылмыстық істің» (Бас құжатқа бастапқыда «Д.Әділев бастатқан...», одан кейін «Е.Омаров бастатқан...», – деп жазылып, ең соңында «А.Байтұрсынов бастатқан...», –

деген атауға тоқталған – Т.Ж.) тергеуі аяқталып, олар Мәскеудің пәрменін күтіп жатқан. Мағжан Жұмабаев ұйымдастырған «Алқа» әдеби үйірмесіне, яғни, тергеушілер көрсеткендей, астыртын контрреволюциялық ұйымға Мұхтар Әуезовтің қатысқаны да «анықталып», арнайы бап ретінде қарастырылды. Ал, тергеушілердің қатты ұстанғаны «Ашық хаттағы»: «Колчактың тұсында, «Алашорданың» Шығыс бөлімінің белсенді қайраткерлерінің бірі ретінде Әуезов Колчакқа қарсы күреспеді, күрескісі де келмеді, керісінше сол кездегі бүкіл «Алашорда» үкіметі, оның ішінде Әуезов Колчакпен одақтаса отырып большевиктерге, Кеңес өкіметіне қарсы күрескені белгілі... Бірақ та, Кеңес өкіметі орнаған соң Әуезов сол жаққа шығып, партияға өтті»,– деген сөздер де еді. Сөйтіп, Мұхтар Әуезов аяқ астынан басмашы, ұлтшыл-контрреволюционер боп шыға келді. Сонымен, бұрын Қазақстаннан сырт жерде жүріп, назардан тыс қалып келген Мұхтар Әуезов те қарауылға ілінді. Мұхтардың бостандықта жүруі оларға кешірімсіз жайт сияқты көрінген іспетті. 1930 жылы 17 қыркүйек күні таңсәріде Ташкент қаласындағы Салар өзенінің бойындағы үйінде Мұхтар Әуезов тұтқынға алынды. Осы оқиғаның көлденең куәсі болған сол кездегі шәкірт, кейінгі академик Шапық Шөкин: «1927 жылдың тамызында Орта Азия университетіне түсуге келдім... Біз шағын үйдің ашық себетінде түнедік, сол үйдің қарсы жақ қанатында университет оқытушысының үй-іші тұратын. Ертеңгілік колонка қасында жуынып жатқанда, біз бәріміз бірдей жамырап, толыса бастаған, маңдайы кере қарыс, қараторы қазақпен амандасушы едік. Таныстық. Мұхаңның бізден тілек-талаптарымыз болса айтуымызды сұрағаны есімде. Менің әлі оқуға түсе қоймағанымды білген ол, мені арқамнан қағып: «Ұнжырғаң түспесін. Ең бастысы – оқуға құмарлық, – деді де, – сәл ойланып тұрды да ол кенет: – Ендеше мен университеттегі кісілермен сөйлесейін. А? Сол Ғазиза Сүлейменовамен де сөйлесейін?»,– деді ол мені жігерлендіргісі келгендей. Қапелімде қысылып қалғандықтан, ол кісіге рахмет айтуды ұмытып: Ғазиза былай да мені қолдап жүр, шамасы, ұзамай мәселе шешілетін де шығар,– деп жауап бердім. Мұхаң қолын жайып қоштасып, аспай-саспай, Қазақ орман техникумы қорасынан шығып жүре берді. Оның әйелі Валентина Николаевна ертеңгілік бауға сирек шығатын, көбіне кішкене қызымен айналысатын. Тағы бір айтатыным, со жылдары ол асқан сұлу әйел еді. Бірақ, мінезі тұйықтау болып көрінген. Күйеуі жұмыстан кеш қайтатын, біз қарсыдағы себетте пысылдатып примус әзірлеп жататынын еститінбіз. Енді бір сағат өткен шамада, Мұхаң бау ішінде сейілдеп жүрер еді. Оның көзіне тағы бір рет түсіп, көңілін аударатындай ынта-ықыласымыз болмады. Және сабақтарымыз да басталып кетті. Басқа нәрсеге көңіл бөлуге мына жаңа, жауапты ісімізден қол тимеді. Бастапқы кезде кәдімгідей шаршап жүрдік. Біз бұл жерде онша көп тұрмадық. Бір күні ертеңгісін портупейлы екі кісі (олар милицияның ба, не басқа бір форма киіп келді

ме – білмеймін) келіп, оны алып кетті. Себеттің еденінен ұшып тұрып, мен әлгі екеудің біреуі – Мұханның алдында, екіншісі – соңында, оны бау ішімен қақпаға қарай айдап бара жатқанын көрдім. Әуезов артына бұрылып қарамай, алдына байыптай қарап, баяу басып бара жатыр екен»,– деп еске алды. Мұхтар Әуезовтің түрмеге қарай «байыптай қарап, баяу басып бара жатқан» күні – 1930 жылдың 17 қыркүйегі болатын. Ташкентте алдын-ала шолақ тергеуден өтіп, одан кейін Алматының түрмесіне жеткізілді. 1930 жылы 8 қазан күні ПП ОГПУ-дің Шығыс бөлімінің КССР бойынша өкілі Поповтың қатысуымен анкеталық өмірбаян толтырылған. Анықтамалық анкетадан: «Осы тергеу ісі бойынша жауапқа тартылған М.Әуезов – 33 жаста, Семей округінің Шыңғыс болысында туған, Ташкент қаласының тұрғыны, ұлты қазақ, орта шаруа баласы, партияда жоқ. 1922 жылға дейін БК(б)П мүшесі болған, Ақпан төңкерісіне дейін оқуда болған, Қазан төңкерісіне дейін оқыған және мұғалім болған, мамандығы педагог, жоғары білімді, ұстаз-журналист, үйленген, 2 баласы бар, жалақымен күн көреді, қазақ болғандықтан да әскерге алынбаған, бұрын тергеуге алынбаған, сотталмаған». 1930 жылы 15 қазан күні Ерекше бөлім бастығының көмекшісі Волоховтің келісімімен жасалған «Алдын-ала айыптау қорытындысында»: «Қылмысты істер кодексінің 58-11 және 59-3 баптарымен айыпталған М.Тынышбаев пен Досмұхамедовтардың № 2370 тергеу ісін қарай отырып Әуезовтің: қазақ ұлтшылдарының астыртын ұйымына қатысып, Қазақстандағы кеңестік науқандар мен шаралардың мазмұнын бұрмалау мақсатын көздегені; өкімет мекемелері мен БК(б)П-ның, жерге қоныстандыру мекемелерін, мәдени-ағарту және оқу орындарын, баспасөзді өздерінің ықпалына қаратып, жаулап алуға ұмтылғаны; Орта Азиядағы басмашылардың қозғалысына жетекшілік жасап, сондай қозғалысты Қазақстанда да ұйымдастыруға әрекеттенгені; кеңес өкіметін құлатуды алдына мақсат етіп қойғаны – толық әшкереленді. Сондықтан да УПИ-дің 128 тармағына сәйкес азамат Әуезов Мұхтарды № 2370 тергеу ісі бойынша жауапқа тартып, оған қылмыстық істер кодексінің 58-71 және 58-11 баптары бойынша айыптағып, бұл туралы ОГПУ мекемелеріндегі тергеу жұмыстарын бақылайтын Прокурорды хабардар етуге қаулы қабылданды»,– деп көрсетілді. Сонымен, Мұхтардың 1918 жылы жазған өз сөзі өзінің басына келді. Ол: «Елін сүйіп, елдігін іздеді. Елдікке келген қауіпке... күйініп, қарсы шықты. Елдігі аман қалуы үшін енді бейнетке, өлімге, иә басқа да түрлі қазаға шыдап кетіп, тарих жүзінде» – соны дәлелдеуі ғана қалды. (Жалғасы бар)

Тұрсын Жұртбай, жазушы